

Қазақстан Республикасы орталық атқарушы органдары аппаратының санын және оны ұстауға арналған шығындарды қысқарту

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 21 қараша N 1425.
Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 1999.09.21. N 1433 қаулысымен. ~P991433

"Орталық атқарушы органдардың құрылымын жетілдіру және мемлекеттік органдардың санын қысқарту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 29 қазандағы N 3168 U963168_ Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Министрліктердің, мемлекеттік комитеттердің және республикалық бюджеттен қаржыландырылатын басқа да орталық және жергілікті атқарушы органдардың аппараты қызметкерлерінің шекті саны, сондай-ақ министрлердің орынбасарлары, мемлекеттік комитеттердің төрағалары мен басқа да орталық атқарушы органдардың басшылары лауазымдарының саны 1-3 қосымшаларға сәйкес бекітілсін.

2. Республикалық бюджеттің есебінен ұсталатын министрліктердің, мемлекеттік комитеттердің және өзге де орталық және жергілікті атқарушы органдардың қызметкерлеріне қызмет көрсетуге арналған қызметтік жеңіл автомобильдер саны 4-5-қосымшаларға сәйкес белгіленсін.

Осы қаулыда көзделген шараларды жүргізудің нәтижесінде босатылған жеңіл автомобильдер, белгіленген тәртіппен аукцион арқылы сатылсын.

3. Министрліктер, мемлекеттік комитеттер және өзге де орталық атқарушы органдар екі апта мерзімде орталық аппараттың Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен келісілген құрылымын Қазақстан Республикасының Үкіметіне тапсырсын.

4. Министрлер, мемлекеттік комитеттердің төрағалары оларға ведомстволық бағыныстағы комитеттердің, ведомстволардың штат саны мен құрылымын айқындасын.

5. Министрліктердің, мемлекеттік комитеттер мен басқа да орталық және жергілікті атқарушы органдардың басшылары:

1997 жылдың 1 қаңтарына дейін Қазақстан Республикасының заңдарына қатаң сәйкестікте қызметкерлер санын қысқарту жөнінде жұмыс жүргізсін;

1996 жылғы 1 желтоқсанға дейін аппараттың штат кестесін 6-қосымшада көзделген басшы және басқа қызметкерлер санының нормативтерін сақтай отырып, белгіленген адам саны мен жалақы қоры шегінде бекітсін;

"Қызметтік телефондар мен мемлекеттік органдардың аппаратын орналастыруға арналған алаң нормалары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 3 қазандағы N 1217 қаулысымен бекітілген басқару аппаратын ұстауға арналған мемлекет қаржысын жұмсаудағы үнем режимін және мемлекеттік органдар аппаратын орналастыруға арналған алаң нормативін қатаң сақтауды қамтамасыз етсін;

мұнда бекітілген нормаларды басшылыққа ала отырып мемлекет қаражатын делегациялар мен жеке адамдарды қабылдау мен қызмет көрсетуге жұмсалатын шығысты шектеу жөнінде шаралар қабылдасын.

6. Облыстардың, аудандардың және қалалардың әкімдері 1996 жылғы 1 желтоқсанға дейін жергілікті өкілетті және атқарушы органдардың қызметкерлері санын 10 процентке қысқарту жөніндегі жұмысты жүзеге асырсын

7. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі мен оның жергілікті органдары:

министрліктердің, мемлекеттік комитеттердің, өзге де орталық және жергілікті атқарушы органдардың, сондай-ақ оларға ведомстволық бағыныстағы ұйымдардың басқару аппаратын ұстауға арналған мемлекет қаржысын жұмсауда қаржы тәртібін сақтауына және қатаң үнемдеу режимін жүргізуіне бақылауды күшейтсін;

мемлекет қаражатын заңсыз жұмсау фактілері анықталған жағдайда, оларды жою жолдары мен тиісті лауазымды адамдарды жауапқа тарту шаралары қолданылсын.

8. "Орталық атқарушы органдардың құрылымын жетілдіру және мемлекеттік органдардың санын қысқарту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 29 қазандағы N 3168 Жарлығына сәйкес жаңадан құрылғандар мен қайта ұйымдастырылғандарға Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен, Экономика министрлігімен, Әділет министрлігімен және Қазақстан Республикасының өзге де мүдделі орталық атқарушы органдарымен келісілген осы органдар туралы Ереженің жобасын бір ай мерзімде Қазақстан Республикасы Үкіметінің бекітуіне ұсынсын.

9. Министрліктерге, мемлекеттік комитеттер мен өзге де орталық және жергілікті атқарушы органдарға бір жыл ішінде адам санын, басшының орынбасарларын, қызметтік жеңіл автомобильдер лимитін және аппаратты ұстауға арналған шығыстарды көбейту туралы өтініш беруге тыйым салынсын. Аталған мәселе жөніндегі ұсыныстар алдағы жылға арналған бюджеттің жобасымен бірге қаралады деп белгіленсін.

10. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті бір ай мерзімде қызметтік үй-жайларды түгендеуді

аяқтасын және штат санына қарай жекелеген министрліктерді, мемлекеттік комитеттер мен өзге орталық атқарушы органдарды көшіру жөнінде Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныс тапсырсын.

11. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі мүдделі атқарушы органдармен бірге бір ай мерзімде Қазақстан Республикасы Үкіметінің бұрын қабылданған шешімдерін қолданылып жүрген заңдарға сәйкес келтіру жөнінде Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныс енгізсін.

12. Мыналардың күші жойылған деп танылсын:

"Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдары аппаратының санын және оны ұстауға жұмсалатын шығындарды қысқарту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 2 қарашадағы N 1442 P951442_ қаулысы;

"Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгертулер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 12 мамырдағы N 583 P960583_ қаулысының 1-тармағы;

"Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 2 қарашадағы N 1442 қаулысына өзгертулер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 27 мамырдағы N 648 P960648_ қаулысы;

"Қазақстан Республикасы Мемлекеттік салық комитетінің жекелеген мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 14 қазандағы N 1258

P961258_

қаулысының 12-тармағы;

"Қазақстан Республикасы Үкіметінің жекешелеген шешімдеріне өзгертулер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 24 қазандағы N 1293

P961293_

қаулысының 1-тармағы.

Қосымшалар 1-6 қазақ
тілінде жоқ.

ЕСКЕРТУ. 1,3,4-қосымшаларына өзгерістер енгізілген - ҚРҰ-нің
1997.02. N 215 қаулысымен,

P970215_

бірақ бұл

документ РЦПИ-ға түскен жоқ.

ЕСКЕРТУ. 2,5-қосымшалар 1 және 2-қосымшаларға сәйкес жаңа
редакцияда берілді, 1,3,4,6-қосымшалар алынып

тасталды - ҚРҰ-нің 1997.06.05. N 930 қаулысымен.

P970930_

ЕСКЕРТУ. 5-қосымша өзгертілді - ҚРҰ-нің 1997.10.30. N 1466
қаулысымен.

P971466_

КӨШІРМЕ

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1997 жылғы 5 маусымдағы
N 930 қаулысына
1-қосымша

Республикалық бюджеттен қаржыландырылатын орталық

атқарушы органдардың аумақтық бөлімшелері қызметкерлерінің
шекті саны

Орталық атқарушы органдары
аумақтық бөлімшелерінің атаулары

Адам саны

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің

Жылжымайтын мүліктерді тіркеу жөніндегі
қызметті қоса алғанда, облыстық, қалалық
басқармалары 701*

<*>

Ескерту:

<*>

Сан жылжымайтын мүліктерді тіркеу
жөніндегі қызметті ескере отырып
келтірілді

ЕСКЕРТУ. 1-қосымша өзгертілді - ҚРҰ-нің 1998.04.07. N 288
қаулысымен.

P980288_

ЕСКЕРТУ. 1-қосымша өзгертілді - ҚРҰ-нің 1998.09.16. N 907
қаулысымен.

P980907_

КӨШІРМЕ

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1997 жылғы 5 маусымдағы
N 930 қаулысына
2-қосымша

Министрліктердің, мемлекеттік комитеттердің және

республикалық бюджеттің есебінен ұсталатын өзге де
орталық және жергілікті атқарушы органдары аумақтық
бөлімшелерінің қызметтік жеңіл автомобильдер санының
ЛИМИТІ

Атаулары	Автомобильдер саны	
Әділет мекемелері:	383	
облыстардың, Алматы қалалық соттары		55
аудандық (қалалық) соттар	293	
Әділет басқармалары	35	

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі